

ӘРІПТЕСТЕР, МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№46
(2424)
Сенбі
27 маусым
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері мен сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ақордада БАҚ өкілдерін марапаттау рәсімінде - «Бұл кәсіби мерекенің ел өмірінде алатын орны айрықша. Себебі журналистер қауымы – ең алдымен қоғамның жаршысы әрі шынайы жанашыры. Сіздер әрдайым халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді көтеріп, жұрт мүддесіне адал қызмет етіп келесіздер», – деп бұқаралық ақпарат өкілдерінің еңбегіне ерекше тоқталып өткен болатын.

пен билік арасындағы сенімді байланысты нығайту жолында аянбай еңбек етіп жүрген журналистер қауымының орны ерекше.

Ауданымыздың тыныс-тіршілігін, ел игілігі жолындағы атқарылып жатқан жұмыстарды кеңінен насихаттап, өңірдің өсіп-өркендеуіне ақпараттық қолдау көрсетіп жүрген жергілікті журналистер мен медиа саласы өкілдеріне ерекше ризашылығымды білдіремін. Сіздердің кәсібиліктеріңіз, азаматтық ұстанымдарыңыз бен адал еңбектеріңіз қоғамның дамуына зор үлес қосып келеді.

Қашанда шындықтың шырағын жағып, ел мүддесін биік қоятын еңбектеріңіз жемісті болсын! Әрбір хабарларыңыз

«ҮЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ» ТӨСБЕЛГІСІ ТАБЫСТАЛДЫ



Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың қатысуымен 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күніне арналған салтанатты жиын өтті.

Жиында мемлекеттік қызметті жаңғыртуға бағытталған реформалар, биылғы 1 шілдеден бастап күшіне енетін «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заңның негізгі бағыттары, сондай-ақ, Президенттік жастар кадрлық резервінің мемлекеттік басқару саласына білікті жастарды тартудағы маңызды рөлі атап өтілді.

Салтанатты шарада бірқатар қызметкерлер мен сала ардагерлері Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Премьер-Министрдің бірінші орынбасарының Алғыс хаттарымен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен, Қызылорда облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жиында аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлы Қазалы ауданының әкімі Алмасбек Есмахановқа Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісін табыстады.

Бұл марапат аймақ басшысының ауданымызда атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға берген жоғары бағасы және қолдауы мен сенімінің айқын көрінісі.

Аудан басшысы Алмасбек Әбілқасымұлын алған марапатымен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы қызметіне толағай табыс, мықты денсаулық және ел игілігі жолындағы еңбегіне толайым жетістіктер тілейміз!



28 МАУСЫМ
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

«КӨРКЕМ СӨЗ – КӨҢІЛ ТІЛІ»
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Расында, ақпарат саласының өкілдері ел өміріндегі маңызды оқиғаларды халыққа дер кезінде жеткізіп қана қоймай, қоғамдағы өзекті мәселелердің оң шешім табуына ықпал етіп келеді. Бүгінгі ақпараттық дәуірде жеделдік пен нақтылықты, ашықтық пен әділдікті қатар ұстанып, халық

халықтың үніне, елдің игілігіне қызмет ете берсін.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық шабыт, толайым табыс және кәсіби биіктер тілеймін!

**Құрметпен,
Қазалы ауданының әкімі
Алмасбек Есмаханов**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ ЭСТАФЕТАДА ҚАЗАЛЫЛЫҚ ОТБАСЫ ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күні кәсіби мерекесіне орай мемлекеттік қызметшілердің отбасылары арасында «Салауатты отбасы - мемлекеттің берік тірегі» атты эстафеталық жарыс өтті.

Қызылорда қаласында

өткен отбасылық жарыстың негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметшілер арасында отбасылық құндылықтарды насихаттау, олардың отбасымен уақытты тиімді өткізуіне ықпал ету, мемлекеттік қызметтің мәртебесін арттыру, сондай-ақ, дене шынықтыру мен спорт арқылы отбасылық қарым-

қатынасты нығайтып, салауатты өмір салтын қалыптастыру болды.

Эстафеталық сайысқа Қазалы ауданының атынан Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Нұржан Аралбаев отбасы мүшелерімен бірге қатысып, II орынды иеленді.

Мемлекеттік қызметшілер күніне орай өткен эстафеталық жарыста екінші орын иеленген Аралбаевтар отбасын құттықтай отырып, алдағы уақытта да толағай табыс пен амандық тілейміз.

**Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН ПОЛИЦИЯ КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН САЛТАНАТТЫ ШАРА

Қазалы ауданында Мемлекеттік қызметшілер және Полиция күні кәсіби мерекелеріне орай салтанатты шара өтті.

Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен мерекелік шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, сала қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

-Баршаңызды Мемлекеттік қызметшілер және Полиция күні кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Мемлекеттік қызмет – елдің сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асыру. Өз міндеттерін кәсіби деңгейде атқарып, еліміздің тәуелсіз, әлеуметтік және құқықтық мемлекетке айналуына мемлекеттік қызметшілердің қосқан үлесі зор. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мемлекеттік қызметшілер – Әділетті Қазақстанды құрудың басты қозғаушы күші», - деген болатын. Әрбір мемлекеттік қызметшінің бойындағы кәсібилік, адалдық сынды қасиеттер еліміздің өркендеуінің негізіне айналу-да. Қоғам дамуының басты мұраты - елдің тыныштығы екені белгілі. Бұл орайда, қызметтері жоғары кәсіптілікті және асқан



жауапкершілікті талап ететін әрі өмірлері қауіпке толы полиция қызметкерлерінің де еңбегі ерен. Күні кеше ғана облыс орталығында аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлының қатысуымен Полиция күніне орай өткен салтанатты шарада өңіріміздің полиция қызметкерлеріне 94 арнайы қызметтік автокөліктің кілті табысталса, 7 қызметтік автокөлік Қазалы аудандық полиция бөліміне берілуде. Сала қызметкерлерінің жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарған кешенді шараларының нәтижесінде ауданымызда қылмыс деңгейі жыл сайын

төмендеп келеді. Мәселен, биыл өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда ауданда қылмыстылық деңгейі 50-ден 40-қа, яғни -10 пайызға төмендеген. Жауапты міндет жүктелген мамандықтарды меңгеріп, қазыналы Қазалы жерінің көркеюі мен қоғам тыныштығы жолында талмай еңбек етіп жатқан қос саланың қызметкерлеріне шынайы алғысымды білдіремін. Президентіміздің Әділетті, Таза, Заң мен тәртіп салтанат құрған қауіпсіз әрі қуатты Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамалары мен тапсырмаларын орындаудағы жауапты қызметтеріңізге сәттілік

тілеймін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Салтанатты жиында қазыналы Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоғамның тыныштығы жолында аянбай қызмет етіп жүрген бірқатар сала үздіктері ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемовтың, облыс, аудан әкімінің, облыстық мәслихаттың төрағасының және Мемлекеттік қызмет істері мен облыстық полиция департаменттері басшыларының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мерекелік жиын мұнан әрі аудан өнерпаздары мен мемлекеттік қызметшілердің және аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінің концерттік бағдарламасына ұласты.

Айта кетейік, Қазалы ауданында 163 мемлекеттік қызметкер бар, оның 127 – сі ер қызметкерлер, 36-сы әйел азаматшалар. Ал, ауданымызда 35 жасқа дейінгі 31 жас мемлекеттік қызметші өңір дамуы жолында еңбек етуде. Ал, ауданымызда 100-ден астам полиция қызметкері қоғам тыныштығын сақтау жолында абыройлы қызмет атқарып келеді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА – ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды

қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен

қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кейбір мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың

қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қарсы атсалысып, жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Алмат ӘБІЛХАН,
«Майлыбас» ауылдық округінің әкімі**

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – БОЛАШАҚТЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Жасанды интеллект-болашақтың технологиясы.

Қазіргі таңда технология қарқынды дамып, адам өмірінің барлық саласына еніп келеді. Соның ішінде ең көп талқыланатын жаңалықтардың бірі-жасанды интеллект. Бұл технология көптеген жұмыстарды жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондықтан жасанды интеллекті XXI ғасырдың ең маңызды жетістіктерінің бірі деп атауға болады.

Жасанды интеллект-адамның ойлау, үйрену, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін компьютер арқылы жүзеге асыратын технология. Ол үлкен көлемдегі ақпаратты

өңдеп, қажетті нәтижені жылдам шығара алады. Бүгінде жасанды интеллект білім беру, медицина, көлік, бизнес және ғылым сияқты көптеген салаларда кеңінен қолданылып жүр.

Білім беру саласында жасанды интеллекттің пайдасы зор. Оқушылар мен студенттер қажетті ақпаратты тез тауып, жаңа тақырыптарды оңай меңгере алады. Онлайн платформалар әр оқушының деңгейіне қарай тапсырмалар ұсынып, білім алу-ды тиімді етеді. Сонымен қатар, мұғалімдер де оқу материалдарын дайындауда және бағалау жұмыстарында жасанды интеллекттің көмегіне жүгіне ала-

ды.

Соңғы жылдары жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін түрлі бағдарламалар мен чат-боттар кеңінен танымал болды. Олардың қатарында chatgpt, gemini сияқты жүйелер бар. Бұл платформалар пайдаланушылардың сұрақтарына жауап беріп, мәтін жазуға, ақпарат іздеуге, аударма жасауға және шығармашылық жұмыстарды орындауға көмектеседі. Мысалы, оқушылар реферат дайындауда немесе жаңа тақырыпты түсінуде осы құралдарды пайдалана алады.

Сарапшылардың пікірінше, жасанды интеллект адамды толық алмастыра алмайды. Себебі, адамға тән шығармашылық, эмоция және

адамгершілік қасиеттерді ешбір технология толық қайталай алмайды. Сондықтан болашақта адамдар мен жасанды интеллект бірлесе жұмыс істейтін жаңа кезең басталады деп күтілуде.

Қортындылай келе, жасанды интеллект-адамзаттың дамуына үлкен үлес қосып отырған технология. Оны дұрыс әрі жауапкершілікпен пайдалану арқылы қоғамның дамуына, білім мен ғылымның өркендеуіне зор мүмкіндік жасауға болады.

**Зарина АМАНГЕЛДІ,
Қ.Нұрмаханов атындағы
№95 мектептің
11 сынып оқушысы**

ЕЛ СЕНІМІНЕ ЛАЙЫҚ

Ел тәуелсіздігімен бірге еңсесін тіктеген Қазақстан бүгінде әлем таныған, болашағына нық қадам басқан мемлекетке айналды. Соңғы жылдары елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси реформалар халықтың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, ел мен билік арасындағы байланысты бұрынғыдан да жақындата түсті. Соның жарқын көрінісінің бірі – ауыл әкімдерін халықтың тікелей сайлауы. Бұл – ел тағдырын елмен бірге шешудің, халық пікірін басты құндылық ретінде бағалаудың нақты көрінісі.

Осындай маңызды саяси науқан аясында үстіміздегі жылдың 12 шілдесінде «Бозкөл» ауылдық округінде әкім сайлауы өтпек. Бұл – жай ғана кезекті сайлау емес, жауапты кезең. Сондықтан әрбір тұрғынның таңдауы туған өлкенің келешегімен тікелей байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн.

Халық қашанда басшыны сөзіне емес, ісіне қарап бағалаған. Елдің қуанышын бірге бөлісіп, қиындығында жанынан табылған, ауылдың әр көшесінің, әр тұрғынының мұң-мұқтажын жақсы білетін азаматтарға сенім артқан. Осындай ел сеніміне ие болған азаматтардың бірі – «Бозкөл» ауылдық округі әкімдігіне кандидат Бөлебай Ақылбек Бекқожаұлы.

Ақылбек Бекқожаұлы – кіндік қаны тамған қасиетті «Бозкөл» топырағында дүниеге келіп, бүкіл саналы ғұмырын туған жерінің өсіп-өркендеуіне арнаған азамат. Оның өмір жолына көз жүгіртсек, қай қызметте болмасын жауапкершілік пен еңбекқорлықты ту етіп, ел мүддесін бәрінен жоғары қойғанын көреміз.

Мәдениет саласында да, мемлекеттік қызметте де жинаған мол тәжірибесі оны халықпен етене жұмыс істей алатын білікті басшы деңгейіне жеткізді.

Жылдар бойы ауылдың тыныс-тіршілігімен біте қайнасқан азамат ретінде ол «Бозкөлдің» бүгінгі жетістіктері мен шешімін күткен мәселелерін жақсы біледі. Сондықтан оның сайлауалды бағдарламасы құр уәде емес, ауыл тұрғындарының күнделікті өмірінен туындаған нақты қажеттіліктерге негізделген маңызды міндеттер жиынтығы болып табылады.

Бағдарламада кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, жастарды қолдау, ауыл шаруашылығының әлеуетін арттыру, көшелерді асфальттау, электр желілерін жаңарту, спорт кешенін салу, балалар ойыналарын көбейту, су арналары мен каналдарды тазалау, ауылды көркейту және көгалдандыру секілді өзекті мәселелер қамтылған. Әсіресе, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мен ауылдың инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы бастамалар тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға қызмет ететіні анық.

Сонымен қатар, жас мамандарды ауылға тарту, әлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайту, тұрғындардың кәсіппен айналысуына қолайлы жағдай жасау мәселелері де бағдарламаның маңызды бөлігі болып табылады. Бұл бастамалардың барлығы ауылдың бүгінін жақсартып қана қоймай, келешек ұрпаққа берік негіз қалыптастыруға бағытталған.

Халқымызда «Туған жерге туынды тік» деген

тағылымды сөз бар. Ақылбек Бекқожаұлының бүкіл өмір жолы осы ұлағатты ұғыммен аста-сып жатыр десек артық емес. Өйткені ол туған ауылынан жырақ кетпей, бар білімін, тәжірибесін және күш-жігерін өз өлкесінің дамуына жұмсап келеді. Елдің арасында жүріп, халықтың сеніміне ие болуы да – осы еңбектің нәтижесі.

Мен, кандидаттың сенімді өкілі ретінде, Бөлебай Ақылбек Бекқожаұлының білімі мен тәжірибесіне, ел алдындағы абыройына, туған жерге деген жанашырлығына толық сенім білдіремін. Оның алға қойған мақсаттары мен жоспарлары «Бозкөл» ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретініне кәміл сенемін.

Қадірлі «Бозкөлдіктер»!

Болашаққа бастар жол әрқашан бірлік пен сенімнен құралады. Сондықтан алдағы сайлауда белсенділік танытып, ауылымыздың өсіп-өркендеуі жолында өз таңдауларыңызды жасауға шақырамын. Елдің аманатын арқалайтын, халықтың сенімін ақтайтын азаматқа қолдау көрсету – әрбір тұрғынның азаматтық борышы.

Берекелі «Бозкөлдің» болашағы жарқын, келешегі кемел болуы үшін тәжірибелі де іскер азамат Бөлебай Ақылбек Бекқожаұлына қолдау білдіріп, дауыс беруге шақырамын.

**Күншығыс ӘБИЛОВ,
Бөлебай Ақылбек
Бекқожаұлының
сенімді өкілі.**

**Қаржысы облыс бюджетінің
қаражатынан төленді**

● Маманның кеңесі

ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Туберкулез - бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының, сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда қазіргі таңда өкпе туберкулезі жиі кездеседі.

Туберкулез қалай тарайды?

Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын таратады. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерін дем алуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар. Мысалы, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті.

Науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі, олареденге, заттарғашаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер шалдығады. Ауру жануардың сүті, неме-

се еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін.

Науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналасындағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез микобактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұқтырылады, бірақ туберкулез ауруының дамуы әр жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар жас балалар, жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар

1. Толыққанды тамақтанудың болмауы.
2. Туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті).
3. Маскүнемдік.
4. Темекі шегу.
5. Нашақорлық.
6. Ілеспе аурулардың бо-

луы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары).

Туберкулез ауруының белгілері?

1. Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел.
2. Шаршау және әлсіздік.
3. Дене салмағының төмендеуі.
4. Температураның ұзақ көтерілуі.
5. Түнде тершендік.
6. Кеуде қуысындағы ауырсыну.
7. Қан түкіру.

Туберкулезді қалай анықтауға болады?

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.
2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.
3. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

Туберкулездің алдын алу шаралары:

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы - күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру.
2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.
3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада

мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары — сүртіну, құю, душ.
5. Жөтел этикетін сақтау.
6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.

7. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау.

8. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

**Г.ОРАЗ,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау
басқармасының
бас маманы**

АЛҒА ҚОЙҒАН МАҚСАТЫ АЙҚЫН

Осы жылғы 12 шілде де өкілеттік мерзімі аяқталған «Бозкөл» ауылдық округі әкімінің сайлауы өткізіледі. Әкім сайлауына үміткердің бірі – мен білетін Нұрлыбек Байқараұлы Сүлейменов. Ол Арал ауданы, «Райым» ауылдық округінің «Қызылжар» ауылында дүниеге келген азамат. Өнерлі отбасында тәрбиеленген. Сондықтан ол жастайынан өнерге жақын болып өсті. Ауылда өткен тойларда жастайынан ән шырқап, әнші бала атанды. Кейін ауылдық, аудандық байқауларға қатысып жүлдегер болды. Мектеп бітіргенде ол өнер жолын таңдады. «Болашақ» университетінде музыкалық білім бакалавры бойынша білім алды. Оқу орнын бітірген соң туған ауылына оралып, ауылдық мәдениет үйінде көркемдік жетекшісі

болып қызмет атқарды. «Шөмішкөл» ауылындағы клубта да көркемдік жетекшісі қызметін жалғастырды. Өнерлі, ұйымдастырушылық қабілеті мол жігітті мәдениет саласының басшылары «Аудандық мәдениет үйлері мен клубтары» мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны мекемесінің ұйымдастырушысы қызметіне ауыстырды. Өнер десе құлшынып тұратын іскер азамат 2022-2025 жылдары Әйтеке би кенті әкімі аппаратының «Кенттік клубы» МКҚ кәсіпорынының директоры қызметіне жоғарылатылды. Осы жылдары Нұрлыбек Сүлейменов кентте өткізілген түрлі мәдени іс-шараларды ұйымдастыруымен көзге түсіп, халықтың ыстық ықыласына бөленген. Мақтау мадақтаулар да естіді. Абырой, құрметке бөленді.

Нұрлыбек Байқараұлы 2025 жылдан осы кезге дейін Абай ауылдық клубының меңгерушісі болып қызмет атқарып келеді. Ауыл жастарын өнерге баулуда, түрлі шараларды өткізуде ауыл халқының ризашылығына бөленуде.

Өнерлі азамат өкілеттік мерзімі аяқталған «Бозкөл» ауылдық округі әкімінің сайлауына кандидат болып тіркелді. Өзін әкімдік сайлауында сынап көрмекші. Өнер ұжымдарында біраз жыл қызмет атқарды. Ұйымдастырушылық қабілетін көпшілікке танытты. Егер әкім болып сайлана қалса әкімдік қызметте тәжірибесін пайдаланбақ. Алға қойған міндеті айқын. Ауылды көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізіп, жұмыссыздықты азайтып,

ол үшін жас кәсіпкерлермен жұмыссыз жастарды кәсіпкерлік негіздеріне оқытып, жеңілдетілген несие немесе «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 2,5 пайыздық несие алып беруді мақсат тұтып отыр. Білім алып келген жастарды ауылда тұрақтандыруды көздейді. Ауыл тұрғындарының жер алып, бақша егулерін, жер учаскелерін қоршап, аяқ сумен қамтамасыз етуді қолға алатынын айтады. Басқа да ойға алған істері баршылық.

Сыйлас азамат әкім сайлауына кандидат болып, талап қылып отыр. Іске сәт Нұрлыбек Сүлейменов!

**Нұрболат ЖӘЛЕНОВ,
Сүлейменов Нұрлыбек
Байқараұлының
сенімді өкілі.
Қаржысы облыс
бюджетінің қаражатынан
төленді**

СӨЗІНЕ НЫҚ АЗАМАТ

12 шілде күні өкілеттік мерзімі аяқталған «Бозкөл» ауылдық округі әкімінің сайлауына тағы бір кандидат тіркеліп отыр. Ол Самалхан Ерғалиұлы Кәрібай. Оның кандидатурасы болып тіркелуінің себебі бар. Ол осы ауылдың тумасы. «Бозкөл» ауылының жанындағы «Тасарық» ауылының тұрғыны. Жоғары білімді. Тараз қаласындағы М.Х.Дулатов атындағы Тараз мемлекеттік университетіне 2001 жылы түсіп, 2006 жылы Тараз мемлекеттік педагогикалық институтын «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын №238 орта мектебінде инженер-оператор болып бастаған. 1997-2000 жылдары Қызылорда қаласында жеке кәсіпкер болып жұмыс атқарған. Кейін еңбек жолын бастаған №238 орта мектебінде инженер-оператор, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі қызметтерін атқарған. 2017 жылдан осы кезге дейін №238 орта мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарып келеді. Осы соңғы жұмысында жұмысының жетістіктеріне жетуіне үлесін қосты.

Абзал азамат Самалхан Кәрібайдың әкім сайлауына қатысуының

өзіндік мақсаты бар. Егер әкім болып сайлана қалса ел игілігі үшін атқаратын жұмыстарын ойша саралап, нақтылап алған. Оның бізбен әңгімесінен ұққанымыз бағдарламасында нақты жұмыстар тізбектелген. «Бозкөл» ауылдық округі аумағында жыл сайын тұрғындардың бақша дақылдарын егуін ұйымдастырып, жер учаскелерін қоршап бермек. Ауыл орталығынан жаңадан типтік жобадағы балабақша мен спорт кешенін салуды қолға алмақ. Ауыл көшелерін асфальттауға қаржы бөліріп, сапалы атқарылуына

етпек. «Бозкөл» ауылындағы тозығы жеткен электр бағаналары мен желілерін, трансформаторлық қосалқы стансаларын толығымен жаңартуға атсалыспақ. Ол үшін тиісті басқармалармен бірлесіп, жұмыс атқармақ. Округтегі жайылым мен шабындық жерлерді суландыру мақсатында каналдарды механикалық тазалауды, олардың қалыпты жұмыс істеуін бақылайтын болады. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында ауыл орталығынан 2 гектар жер алып, ағаштар, жеміс-жидек талдарын егіп, саябақ салу-

ды ұйымдастырады. Сонымен қатар, ауылдағы еңбек ардагерлеріне жағдай жасау мақсатында кезектілікпен демалыс орындарына баруды қолға алады.

Қажырлы да қайратты, ойға алған мақсатына берік Самалхан Кәрібайдың егер сайлауда жеңіске жетсе бағдарламасында айтылған уәделерін нақты орындайтынына кәміл сенеміз. Өйткені ол сөзіне нық іскер азамат.

**Қанат КАЛЫБАЕВ,
Кәрібай Самалхан
Ерғалиұлының
сенімді өкілі.
Қаржысы
облыс бюджетінің
қаражатынан
төленді**

«Қазалы ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мекен-жайы	Байланыс телефоны
Бабанаев Совет Кеңесұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-13.00 ге дейін Түскі үзіліс уақыты сағат 13.00-15.00 Демалыс күндері; сенбі, жексенбі	Әйтеке би кенті, Төрмұрат жырау көшесі №7, 2 қабат, №1 бөлме	8 (72438) 26-0-19
Зинадинов Ғалымжан Зинадинұлы	Бөлім басшысының орынбасары	Күнделікті жергілікті уақыт бойынша сағат 15.00-19.00 ге дейін Түскі үзіліс уақыты сағат 13.00-15.00 Демалыс күндері; сенбі, жексенбі	Әйтеке би кенті, Төрмұрат жырау көшесі №7, 2 қабат, №2 бөлме	8 (72438) 26-0-14

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.